

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 5 (916) 3 ақпан 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



<http://tainshatany.kz>



tainsha_tan@list.ru

◆ Сайлау-2023

12 МЛН-ҒА ЖУЫҚ АЗАМАТ ТАҢДАУ ЖАСАЙДЫ

Сайлаушылардың тізімдерін жасау - сайлау процесінің маңызды элементі. Өйткені, азаматтар осы тізім бойынша сайлауда өздерінің конституциялық дауыс беру құқығын жүзеге асырады. Сайлаушылардың тізімдерін Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) жасайды.

«Биылғы 1 қаңтар және былтырғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Орталық сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімін жасайды. Оған белсенді сайлау құқығы бар азаматтар тұрақты тіркелген жері бойынша қосылады. Әрбір сайлау науқанында азаматтардың тұрақты тіркелген жері және дауыс бергісі келетін учаскелеріне өтінім беру мүмкіндігі ескеріле отырып, сайлаушылардың тізімі жеке түзіледі», - деді Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров. Оның атап өтуінше, Орталық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 1 қаңтардағы мәліметке сәйкес сайлаушылардың тізімін жинақтады. «Оған алдын ала тұрғылықты жері бойынша бөлінген 11 970 406 сайлаушы кірді. Сайлаушылардың ең көбі – 1 177 507 сайлаушы Түркістан облысында, ал ең азы – 138 277 сайлаушы Ұлытау облысында тіркелді», - деді К. Петров.

Тізімдердегі сайлаушылардың қайталануын болдырмау үшін ОСК барлық өңірдегі мәліметтерге қосымша талдау жүргізеді. Егер қайталанған деректер анықталса, онда ОСК өңірдердің жергілікті атқарушы органдарына тізімдерді ретке келтіруді тапсырады. Осындай тексеру тәртібі тізімнің қайталануына жол бермейді. Әрбір азамат сайлау тізіміне бір рет қана енгізіледі. Сонымен қатар, сайлаушыларға өздерінің тізімдерде бар-жоғын жеке тексеруге мүмкіндік беріледі. «Дауыс беру күніне 20 күн қалғанда, яғни 26 ақпанда тұрақты тұратын жердегі сайлаушылардың тізімдері сайлау учаскелеріне тапсырылуы тиіс. Сайлау учаскесі бес күн ішінде оларды таныстыруға дайындайды. 4 наурыздан бастап әрбір сайлау учаскесі бойынша тізімдер көпшілік назарына ұсынылуы керек. Яғни әр азамат сайлау учаскесіне келіп, тізімге енгізілгенін немесе өзі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқылы», - деді Константин Петров. Бұл тұрғыда 2023 жылғы 4 наурыздан бастап учаскедегі сайлаушылар тізіміндегі деректері тексеру мүмкіндігі беріледі. Айта кетейік, Ресейдегі қазақстандықтар 5 қалада орналасқан еліміздің дипломатиялық өкілдіктеріне келіп дауыс бере алады.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР МЕН САНИТАРЛЫҚ НОРМА

ҚР ОСК ресми сайтында жарияланған құжатқа қарағанда, заңға сәйкес сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауалнама жүргізуді Қазақстан заңнамасы бойынша тіркелген, қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу бойынша кемінде бес жыл тәжірибесі бар заңды тұлғалар тиісті құжаттардың көшірмелерін қоса беріп, бұл туралы Орталық сайлау комиссиясын жазбаша түрде алдын ала хабардар ете отырып жүргізуге құқылы.

Осы орайда Денсаулық сақтау вице-министрі – бас мемлекеттік санитар дәрігер Айжан Есмағамбетов сайлау науқаны кезінде орындалуы тиіс санитарлық нормалар туралы айтты.

«Республикамызда коронавирус инфекциясы бойынша ағымдағы жағдайды, сондай-ақ ЖРВИ және тұмаумен сырқаттану бойынша эпидемиологиялық маусымның ағымын ескере отырып, кандидаттарды ұсыну жүргізу кезінде: кандидаттарды ұсыну бойынша съезд, конференция өткізген кезде кең үй-жайды пайдалану; үй-жайда желдеткіш/ауа баптау жүйелерінің үзіліссіз жұмыс істеуін; R көрсеткіші бірден жоғары аймақтарда маска режимін сақтауды ұсынамыз», - деді вице-министр.

(Жалғасы 2-бетте).

ПРЕЗИДЕНТ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы Парламент Сенаты депутаттарының алдында сөз сөйлеп, еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда жоғары палата депутаттарының бір бөлігі сайланғанына және өзінің Жарлығымен бірнеше сенатор тағайындалғанына тоқталды. Президенттің пайымынша, осымен Сенаттың құрамын жаңғырту үдерісі аяқталды. Сенат депутаттарының арасында әр аймақтың, соның ішінде жаңадан құрылған облыстардың өкілдері бар. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелеріне арнайы квота берілді. Осылайша, Сенат түрлі санаттағы қоғам өкілдерін барынша қамтыды.

Бұл палата мемлекеттік басқару саласында айрықша рөл атқарады. Оған Конституцияға сәйкес маңызды міндеттер жүктелген. Заң шығару қызметін сапалы атқару үшін барлық жағдай жасалған. Палата өз жұмысын абыроймен атқарып келе жатыр. Сенаторлар ауқымды реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысты. Осы орайда баршаңызға шынайы ризашылығымыз білдіреміз. Жаңа депутаттар Сенаттың қызметіне тың серпін береді деп сенемін, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түскенін айтып, бұл реформалар билік институттары жүйесінің тепе-теңдігін қалыптастыратынын айтты. Сондай-ақ елдегі саяси үдеріске азаматтардың қатысуына жол ашады, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыра түседі.

Қасым-Жомарт Тоқаев басты мақсатымыздың бірі – қоғамда өркениетті саяси дәстүрді орнықтыру екенін еске салып, ол үшін жоғары саяси жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Ал жақында ғана басталған Мәжіліс пен Мәслихаттарға сайлау науқаны негізгі мемлекеттік институттарды кешенді түрде жаңғыртудың соңғы сатысы екенін жеткізді.

Барлық әлеуметтік топтың мүддесін қорғау тұрғысынан алғанда Мәжіліс пен Мәслихаттардың аралас моделін қалыптастыруға көшудің мәні зор. Бұл өзгеріс өкілді билік тармақтарының барлық деңгейіне айтарлықтай ықпал етеді. Соңғы жылдары жүргізілген саяси өзгерістер, сайлау заңнамасын мақсатты түрде либералдандыру Қазақстанда партия құру ісіне тың серпін берді. Ұзақ уақыттан бері елімізде алғаш рет жаңа партиялар ресми түрде тіркелді. Аталған деректі аралық қорытынды ретінде атап өтуге болады. Бұл – алға қарай жасалған маңызды қадам. Саяси жүйені орнықты дамыту ісінде партиялар маңызды рөл атқарады. Осы орайда елімізге жауапкершілігі жоғары партиялар қажет. Олар халықтың мүддесін тиімді қорғай білуге тиіс, - деді Мемлекет басшысы.

Президент саясаткерлердің жаңа буынын қалыптастырып, оларды елге таныту аса маңызды іс екенін айтты. Оның пікірінше, еліміздегі партиялардың көпшілігі мемлекетшілдік ұстаным бар және алдағы сайлауда партиялардың бәріне бірдей мүмкіндік беріледі.

Әкімдер қандай да бір саяси ұйымға жетекшілік ете алмайды. Ата заңға енгізілген өзгеріске сәйкес Президент барлық саяси күштен тысқары тұрағы тиіс. Мәжіліс пен Мәслихат сайлауы жаңа әрі әділ ереже бойынша өтеді.

Алдағы сайлауды Қазақстан парламентаризмі тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы деуге болады. Қоғамның түрлі өкілдерінің мүддесін партиялар арқылы қорғау мүмкіндігі артады. Мұның бәрі саяси жүйенің орнықты және тиімді болуын қамтамасыз етеді, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Әртүрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидаты мызғымайтынын атап өтіп, сынның негізсіз болмауы тиіс екенін және оның нақты фактілерге сүйенуі қажеттігін айтты.

Елімізде саяси радикализм мен экстремизмнің кез келген түріне орын жоқ. Демократия – бұл, ең алдымен, өз сөзіңмен ісіңе жауапкершілікпен қарау. Бәріміз бір шаңырақ астында өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан әрбір азамат, кез келген қоғам қайраткері, барша саяси күш ел болашағы үшін өзінің тікелей жауапкершілігін сезінуі қажет. Барлық отандасыма айтарым: әлемде бұрын-соңды болмаған күрделі геосаяси ахуал кезінде еліміздің тыныштығы мен ырыс-берекесін сақтау тек өзімізге, бірлігіміз бен ынтымағымызға байланысты. Тәуелсіздігімізді сақтау және нығайту аса маңызды екенін тағы да еске саламын. Бұл – халқымыздың басты құндылығы. Біз конструктивті реформа бағытымен алға қарай нық қадам басып, мемлекеттілігімізді нығайтып, қоғамды біріктіру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Саяси жауапкершіліктің биік мәдениеті мен азаматтарымыздың шынайы патриотизмі мұның кепілі бола алады. Әрқайсымыз өзара тілеулістік қағидатынан айнымауымыз керек. Сонда ғана тең мүмкіндіктер мен дамуды ту еткен Әділетті Қазақстанды құрамыз, - деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сайлаудың елді бөлетін емес, біріктіретін науқан болуы керек екенін атап өтіп, үміткерлерді қоғамға іріткі салатын әрекеттен аулақ болуға шақырды.

Аңдамай айтылған артық сөз немесе ойланбай жасалған оқыс қадам бүкіл елдің болашағына кесірін тигізуі мүмкін. Әрбір отандасымыз осыны дұрыс түсінуге тиіс. Плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға мүмкіндік береді. Біздің саяси көзқарасы әртүрлі партиялар бар. Кандидаттардың түрлі мәселе бойынша ұстанымдарының бірдей болмауы да заңды құбылыс. Бірақ көзқарастары мүлде қабыспайтын ымырасыз қарсыластардың өзіне ортақ құндылықтар бар. Ол – біздің қасиетті Отанымыз және қастерлі тәуелсіздігіміз. Мен бұл туралы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалама айттым. Өйткені тәуелсіздік үшін күрес күнделікті еңбекпен және елдік саясатпен тығыз байланысып жатыр. Болашақтың алдында бәріміз бірдей жауап береміз. Кейінгі ұрпақ кімнің саяси ұстанымы қандай болғанына мән береді. Аға буының оларға қандай мемлекетті мирас еткеніне қарап, бүгінгі күнін бағалайтын болады. Сондықтан біз ортақ мақсат жолында бірігіміз керек. Кез-келген саяси мүддеге қарағанда мемлекетшілдік қасиет әлдеқайда биік тұрағы тиіс, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, қоғамға, ең алдымен, әрбір сөзіне және ісіне жауапкершілікпен қарайтын саясаткерлер қажет. Сонда азаматтардың елдік саясатқа деген сенімі артады. Ал сенім – аса маңызды құндылық.

Қасым-Жомарт Тоқаев қиындықтың бәрін ел бірлігінің арқасында жеңіп келе жатқанымызға тоқталып, бір-бірімізге қамқор, жанашыр болып, жақсылыққа ұмтылуға шақырды.

Қоғамдық келісімді сақтау мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес. Бұл – еліміздің әрбір азаматының перзенттік парызы. Біз не істесек те, ел мүддесі үшін жасаймыз. Мақсатымыз – Қазақстанды тұғыры берік, экономикасы қуатты, рухы асқақ, бірлігі бекем мемлекет ретінде ұрпаққа табыстау. Осы тарихи міндетті бәріміз бірге абыроймен атқарып шығамыз деп сенемін, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Парламент Сенатының Төрағасы лауазымына Мәулен Әшімбаевтың кандидатурасын ұсынды.

Өздеріңіз білесіздер, менің Жарлығыммен Мәулен Сағатханұлы Әшімбаев Сенат депутаты болып тағайындалды. Конституцияның 58-бабының 1-тармағына сәйкес Сенат Төрағасы лауазымына Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың кандидатурасын ұсынамын. Ол бұған дейін осы міндетті абыроймен атқарды. Заң шығару жұмысын жақсы біледі. Мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі мол. Сондықтан оны Сенат Төрағалығына лайық деп санаймын. Сенаттың қызметі табысты болсын, - деді Президент.

Жасырын дауыс беру нәтижесінде Мәулен Әшімбаев Парламент Сенатының Төрағасы болып сайланды.

Akorda.kz

12 МЛН-ҒА ЖУЫҚ АЗАМАТ ТАҢДАУ ЖАСАЙДЫ

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІ МЕН МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ

САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

САЙЛАУ ҚАНДАЙ ТӘРТІПТЕ ӨТЕДІ

Жақында Орталық сайлау комиссиясы Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлаудың күнтізбелік жоспарын бекітті.

Кандидаттарды ұсыну сайлауды тағайындау туралы Жарлық жарияланған күннен басталады және 20 күнге созылады, 8 ақпанда әр аймақта жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады. Үміткерлерді тіркеу 20 қаңтардан 18 ақпанға дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт-насихат 18 ақпан күні сағат 18:00-де басталып, 18 наурыз сағат 00:00-ге дейін жүргізіледі. 18 наурыз – тыныштық күні. 19 наурыз – сайлау күні.

Сайлау күні учаскелерде дауыс беру жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін жүргізіледі.

Дауыс беруді аяқтаудың өзге уақыты белгіленбесе, учаскелік сайлау комиссиялары жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де дауыс санауды, дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасауды бастайды. Осылайша, Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын кезектен тыс сайлаудың жалпы ұзақтығы – тағайындалған күннен бастап дауыс беру күніне дейін 59 күн болады.

ҚАЙ ПАРТИЯЛАР САЙЛАУҒА ҚАТЫСАДЫ

Атап айтқанда, Мәжіліс пен мәслихат сайлауына 7 партия қатысады.

«Қазіргі уақытта Қазақстанда 7 саяси партия тіркелген және жұмыс істеп отыр. Олар: «Қазақстанның Халық партиясы» - 2002 жылы сәуір айында тіркелген; «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 2000 жылы наурыз айында тіркелген; «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – 2007 жылы қаңтар айында тіркелген; «AMANAT» партиясы – 1999 жылы ақпан айында тіркелген; «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 1999 жылы ақпан айында тіркелген; «Байтақ» Қазақстандық жасылдар партиясы – 2022 жылы қараша айында тіркелген; «Республика» партиясы – 2023 жылы қаңтар айында тіркелген», - деді ҚР Әділет вице-министрі Алма Мұқанова Орталық сайлау комиссиясының отырысында. 27 қаңтарда «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» мен Respublica партиясы бірқатар өңірде мәслихат депутаттарын сайлауға қатысатыны мәлім болды.

«Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы 2023 жылғы 21 қаңтардағы қаулымен мәслихат депутаттарын сайлауға тек үш облысқа ғана жіберілді. Қазіргі уақытта партия филиалдары бірқатар басқа облыстарда және Алматы, Шымкент пен Астана қалаларында құрылды. Respublica партиясы да қазіргі уақытта өздерінің филиалдарын құрған аймақтарда ғана мәслихат депутаттарын сайлауға жіберіледі. Осыған орай «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясын» Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарының, Алматы, Шымкент және Астана қалаларының барлық деңгейдегі мәслихаттарының депутаттарын сайлауға қатысуға жіберудің кейбір мәселелері туралы қаулыны, Respublica партиясының Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қарғанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан,

Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарының, Алматы, Шымкент және Астана қалаларының барлық деңгейдегі мәслихаттарының депутаттарын сайлауға қатысуға жіберу туралы қаулыны қабылдау ұсынылады», - деді ОСК отырысында комиссия мүшесі Шавкат Өтемісов.

Бұған дейін ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров «Байтақ» саяси партиясы тиісті құрылымдық бөлімшелерінің болмауына байланысты тек Атырау, Қарағанды және Қызылорда облыстарында мәслихат депутатын сайлауға қатыса алатындығын, Respublica партиясы тиісті құрылымдық бөлімшелердің болмауына байланысты мәслихат сайлауына жіберілмейтіндігін айтқан еді.

Бұл тұрғыда мәслихат депутаттарын кезектен тыс сайлау науқанына 7 партияның қатысуына мүмкіндік жасалып отыр. 26 қаңтар күні Сенат отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлау елді бөлетін

емес, біріктіретін науқан болуы керек екенін қадап айтты.

«Жақында ғана Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлау науқаны өз жұмысын бастады. Бұл негізгі мемлекеттік институттарды кешенді түрде жаңғыртудың соңғы сатысы болмақ. Мәжіліс пен мәслихаттардың аралас моделін қалыптастыруға көшіп жатырмыз. Барлық әлеуметтік топтың мүддесін қорғау тұрғысынан мұның мәні зор. Бұл өзгеріс өкілді билік тармақтарының барлық деңгейіне айтарлықтай ықпал етеді. Соңғы жылдары жүргізілген саяси өзгерістер, сайлау заңнамасын мақсатты түрде либералдандыру Қазақстанда партия құру ісіне тың серпін берді. Ұзақ уақыттан бері елімізде алғаш рет бірнеше жаңа партия ресми түрде тіркелді. Аталған деректі аралық қорытынды ретінде атап өтуге болады. Бұл – алға қарай жасалған маңызды қадам», - деп атап өтті ҚР Президенті.

[http://www.inform.kz/](http://www.inform.kz)19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023ҚБ ЖӘНЕ ҮЕҮ САЙЛАУДЫ
БАЙҚАУ БОЙЫНША АККРЕДИТТЕУ

АККРЕДИТТЕУ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Аккредиттеу алу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

1. Белгіленген нысан бойынша өтініш
2. Сайлауды байқау құқығын растайтын жарғыдан үзінді



Өтінішті қарау мерзімі күнтізбелік 30 күн

Республикалық ҚБ
және ҮЕҮ құжаттарынҚазақстан Республикасының
Орталық сайлау
комиссиясына ұсынадыӨңірлік және жергілікті ҚБ
және ҮЕҮ құжаттарыноблыстық, республикалық
маңызы бар қалалардың
және астананың аумақтық
сайлау комиссияларына
ұсынады

Аккредиттеу мерзімі 1 жыл

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
<https://www.election.gov.kz>

АНАҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШ



Тайынша ауданына қарасты Теңдік ауылының тұрғыны болған, отбасында ардақты анамыз, ақылшы әжеміз -

ШИЯПОВА БАҚЫТ БЕЙСЕНҚЫЗЫ

осыдан 40 күн бұрын өмірден озды. Өзінің асқан мейірімділігімен, адамгершілік қасиеттерімен есімізде қалды. Үнемі бәрімізді бауырына басып, ақылын айтып, әрқайсымыздың болашағымызға сенімді жол сілтеген ақылы-ізгі, сөзі - маржан болатын. Соның бәрі бір мезетте жоқ болып кеткені жанымызға батады. Анамыздың, ақылшы әжеміздің тәлім - тәрбиесі, адал еңбегі, қарапайымдылығы, басқаларға үлгі болар қасиеттері мен әсем келбеті - жүрегіміздің түбінде мәңгілікке сақталады. Отбасылық қымбат сәттер мен сырласып дастархан басында отырған бақытты шақтарымыздың қайта оралмайтынын ойласақ, өкінішті..... Жан ана! Бақыт әже! Балалары мен немерелері үшін дүниедегі ең асыл жан өзіңсің. Мен үшін де сіз ерекше жан болдыңыз. Анамдай бауырына басып, еркелете айтқан сөздері әлі есімде. Мен де Ваятайым деп еркелеп, қуаныш сезіміне бөленетінмін. Міне, осынау өмір белестері енді артта қалды. Көзімізде жас, жүрегімізде сағыныш... Алланың сызығынан, тағдырдың жазуынан ешкім аса алмаған. Уақытқа тоқтау жоқ екен, зулап күндер, жылжып ай да өте шықты. Апайымыз тереңнен ой ойлайтын, сабырлы, ешқашан ешкімге қатты сөз де айтқан жоқ десек, ол-шыңдық, үнемі жымылып күлімдеген жүзін көретінбіз. Енді міне, бар қиындықтар артта қалып, балалары мен немерелерінің өсіп-жетіліп, олардың қызығы мен тәтті қылықтарын тамашалайтын кезеңде, апайымыздың өмірден өткені, әрине, өкінішті-ақ. Ол өз отбасына ғана емес, барша ағайын-туысқа жанашыр, қамқор жан еді. Міне, осының бәрі артта қалды. Ардақты да аяулы ана, ақылшы әже, туған-туысқа қадірлі жан өмірден өтті. Ендігі айтар сөзіміз бен ойымыз, Алладан тілегіміз- апамыздың пейіште жаны нұрға бөленсін, жатқан жері жайлы, иманды болсын. Өмірден өткенімен апайымыздың жарқын бейнесі, көрсеткен үлгі-өнегесі мен сабырлы да салмақты сөздері жанымызда мәңгі сақталады. Өзіңді еске алып жанымыз жабырқаулы, Сағынышпен туғандар Еске алады, Өзіңізбен өткен сол бір күндер, Жүрегімізде мәңгілікке сақталады.

Бір өзіңнен сезуші едік жылылық, Жүруші едік біздер соған жылынып. Әжесі бар адамдарды көргенде, Сүйсініп енді қараймыз біз қызығып.

Ақ жүзіңнен нұр төгіліп тұратын Сол бір нұрдың сыры да көп еді ұғатын. Біздерге арнап жұмсады ғой шаршамай, Бойындағы қақыр-қайрат, қуатын.

Бәрімізді әркез мейірімге бөледі, Айтқан сөзі әрқашан да жөн еді. Көз алдымызда көрікті оның тұлғасы, Анамызды қатты қысып, құшақтағымыз келеді.

Аяулы ана, асыл әже, біздер үшін қымбатсың, Жүрегімізге жылулықтың сөнбес отын жақтың. Ажал көші әкеткенмен өмірден, Ұрпағыңның жүрегінде мәңгілікке тұрмақсың.

Аяулы ана, ақылшы әжемізге Құран бағыштап, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, жаны жәннаттан табылып, иманды болсын дейміз.

Ағайын-туыс, бауырларының атынан: Оразбике .

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Өмірде ең бір жақын адамыңның мәңгілікке көз жұмғанын ұмыту мүмкін емес.
Біз үшін жаны жайсаң, көңілі адал, отбасында аяулы ана, ардақты жар болған, ағайын-туысқа өте бауырмал, жаны жарқын -



ШАХМЕТОВА ҚУАНЫШ ЕЛУБАЙҚЫЗЫ

осыдан 5 жыл бұрын өмірден озды. Отбасында тәрбиелеп, жеткізген ұлының ержетіп, қызығын көрер шақта өмірден өткені, әрине, өкінішті. Амал қанша, тағдырдың жазғанына шыдаймыз да, жылаймыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иман байлығын берсін, қабірі нұрға толсын деп Жаратушымыздан сұраймыз. Отбасында бірге өткізген 25 жылда қаншама қызықтар, қуанышты сәттеріміз болса, бүгін соның бәрі артта қалды. Қуаныш - еңбек десе ерінбейтін, қандай жұмысқа болса да белсене араласып кететін. Туған - туыс, жолдас - құрбыларының ортасында да сыйлы болды. Біздің отбасымыз, балам екеуіміз үшін аса қымбатты жанның, отбасының берекесін келтіріп отырған ана, асыл жардың жайдары мінезі, өзіне жарасымды жымыған күлкісі бүгінгідей көз алдымызда. Әрқашан сағынышпен еске аламыз. Оның жарқын бейнесі мәңгілік есімізде. Жатқан жері жайлы болып, жаны жәннаттан табылып, иманды болсын.

Ана болып шаңыраққа болдың пана.
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсың бүгін ортамызда.
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Отбасының береке-тірегі едің.
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда.
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Арайлап атар таңға асық болып,
Жүруші ең көңілді бір күйге еніп.
Қалайша кете бардың бәрін қиып,
Мезгілсіз үзілген бір гүлдей солып.

Уақыт өтіп, айықса да мол қайғы,
Сенің орның ешқашанда толмайды.
Соңындағы біздер аман жүргенде,
Жылдар сені ұмыттыра алмайды.

**Барлық ағайын-туыс, отбасы атынан:
жолдасы- Қайрат.
Тайынша қаласы.**

ХАБАРЛАМА

«Тайынша агробизнес колледжі» КММ біліктілік бойынша 1 ай мен 3 ай аралығында қысқа мерзімді курстық дайындыққа қабылдауды хабарлайды.

1. «Аспаз»
2. «В» санатындағы жүргізуші
3. «А, В, Г» санатындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисті»
4. «Кең профилді құрылысшы - шебер».

Хабарласу тел. 23097.



Үй сатамын. Үйдің ішінде барлық жағдай жасалған.

**Сатылатын баға келісімді.
Байланыс телефоны 87078352668.**

**Үй сатамын. Мекен-жайы: Совет көшесі, 120.
2 қабаттан тұратын үйде барлық жағдай жасалған.
Үйдің маңайы кең, жазғы ас үй,
демалатын веранда бар.
Баға КЕЛІСІМДІ.**

Байланыс телефоны 87781833733.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тайынша қаласындағы «МЕГА планета» сауда орталығында ай сайын жаңа тауарлар! Бағасы қолжетімді, нарықтық бағадан төмен.

Осы сауда орталығына қызметшілер қажет.

Олардың міндеті: сауда орталығына келген тұтынушыларды қарсы алып, кеңес беру, киім - кешектерді таңдауға көмектесу. Төлем ақысы уақытында төленіп отырады.

Егер біздің орталықта жұмысқа орналасқыңыз келсе, біздің орталыққа келіңіз!

Байланыс телефоны : 87056587255.

ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІХАНА "Жұматов М.С." ЖК

Сериясы ВП №000593 лицензия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен берілген

ЖЕКЕ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІГЕР

Сериясы ВП №004124 лицензия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен берілген

Үй құстарына, атап айтсақ бройлер, үйрек және қазға арналған Ресейде өндірілген дәруменді жем-азықтарды сатады. Сатылымда құстар арасындағы инфекциялық ауруларға қарсы құралдар да бар.

**Мекенжайы: Тайынша қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 294 және
Пролетар көшесі, 291-1 тел. 87779217555.**

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 12. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.